

«АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК	
ГККП «МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР» АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ	
Шығыс (Исходящий) №	1501
20	» 10 20 23 ж./г.

## Білім беру ұйымдарының басшылары

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК ұйымдастыруымен Астана қаласы білім беру ұйымдарының химия, биология, география пәндерінің педагогтеріне **«БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР, ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»** тақырыбында қалалық ғылыми-практикалық конференция өткізетінін хабарлайды. Конференцияның ақпараттық хаты қоса жалғанады.

Осыған орай, іс-шараға химия, биология, география пәндері педагогтерінің қатысуын қамтамасыз етуіңізді сұрайды.

Өтетін күні: 2023 жылғы 30 қазан, сағат 9.00

Өтетін орны: №93 мектеп-лицей (Ж.Нажимеденов 24).

Қосымша: 3п.

Басшы



С.Дауешова

Орындаған: Ш.Шакирова  
87771334376

# **«БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР, ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ» АТТЫ ҚАЛАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ – ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ**

## **АҚПАРАТТЫҚ ХАТ**

**Құрметті әріптестер !**

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК сіздерді 2023 жылдың 30 қазанында **«Білім беру кеңістігіндегі инновациялар: тәжірибе, мәселелер, перспективалары»** атты химия, биология, география педагогтерінің қалалық ғылыми-практикалық конференциясына қатысуға шақырады.

**Іс-шараның мақсаты:** білім берудегі инновациялық үрдістердің теориялық және практикалық мәселелерін талқылау, заманауи педагог, оның даму перспективаларын анықтау.

### **Конференция жұмысының негізгі бағыттары:**

- «Педагогикалық инновациялар: заманауи білім беру жүйесін дамыту ресурсы»
- 2. «Үздіксіз білім берудің өзекті мәселері»
- 3. STEM – оқыту мәселелері мен болашағы
- 4. «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру»
- 5. Заманауи білім берудің құндылықтық бағыттары, мақсаттары және нәтижелері.
- 6. Оқытудағы құзыреттілік тәсіл және оны химия пәнін оқытуда жүзеге асыру
- 7. Оқытудағы құзыреттілік тәсіл және оны биология пәнін оқытуда жүзеге асыру
- 8. Оқытудағы құзыреттілік тәсіл және оны география пәнін оқытуда жүзеге асыру
- 9. Оқытудағы құзыреттілік тәсілдерінің жеке тұлғаға бағытталуы

Конференция форматы: Офлайн.

### **Конференция жұмысына қатысу формалары:**

1. Пленарлық отырыста TEDx форматында сөйлеу (10 мин.дейін).
2. Секция барысында шебер сынып көрсету
3. Конференцияға тыңдаушы ретінде қатысу.
4. Конференцияға мақала жіберу

Конференция қатысу үшін Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының мамандары, Педагогикалық шеберлік орталығының мамандары, білім беру ұйымдарының химия, биология, география пәндерінің педагогтері.

**Конференция бағдарламасы:**

**1. Пленарлық мәжіліс.**

**2. Секциялық отырыс.**

**Өтетін орны:** Астана қаласы, №93 мектеп-лицей

**Өткізу күні мен уақыты:** 30.10.2023ж, сағат 10.00. Қатысушыларды тіркеу сағат 09.00-ден басталады.

**Конференциясының жұмыс тілі:** қазақша

**Конференцияға қатысу тегін.**

**Конференцияға мақала жіберу жарнасы-** 4000 теңге

Банк реквизиттері:

Наименование: государственное казенное предприятие

«Методический центр» Акимата города Астаны

ИИН/БИН:070540006188

ИИК: KZ42722S000006089425

БИК: CASPKZKA

Юр.адрес: Республика Казахстан, г.Астана, р-н Есиль, ул. Кабанбай батыр 33  
КБЕ:16

**Конференцияға мақала жібергендер жинаққа енеді, Әдістемелік орталықтың сертификатын алады.**

Конференцияға мақала жіберу электрондық почта арқылы sh.shakirova@astana-modern.edu.kz электронды түрде 26.10.2023 ж дейін электронды түрде мақаланы жіберу керек. (Өтінім үлгісі қоса беріледі), төлем туралы түбіртекпен. Конференцияның ұйымдастыру комитеті талаптарға сай келмейтін, конференцияның негізгі бағыттарынан тыс ұсынылған баяндамаларды қабылдау құқығын өзіне қалдырады. Ұйымдастыру комитеті мақалалардың мәтіні түзетілмейді.

## Қатысуға өтінім

ТАӘ (толығымен)	
Жұмыс орны, қызметі	
Байланыс телефоны	
Электрондық пошта (E-mail)	
Баяндама тақырыбы:	

Материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптар:

Мақала көлемі А4 мәтін форматындағы 3-6 бет, Microsoft Word мәтіндік редакторында Times New Roman шрифтімен, бір жоларалық интервалмен 14 кегльмен терілген болуы тиіс. Беттің параметрлері: абзац-10 мм; жиектері барлық жағынан 20 мм. Мәтінді бос орындар мен табуляциясының көмегімен түзетуге жол берілмейді. Мәтін тілі: қазақша немесе орысша.

Мақала тақырыбын рәсімдеу бойынша: баяндама тақырыбы; автордың (лардың) аты-жөні (дері) үтір арқылы қалың қаріппен беттің ортасына жазылады; Оқу орнының атауы ортасында курсивпен; Аннотация, түйінді сөздер. Әрі қарай, бір бос жолдан кейін негізгі мәтін.